«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

02-09/1123 №
4.05.18

«А.Б.Ермишева» ЖК-не
Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы,
Шетпе селосы, Жаңа Орпа 127.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» МКК *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2408479-2 «Қауіпті қалдықтарды/мүлікті/материалдарды жою бойынша қызметтер (көму/жағу/жою және ұқсас қызметтер)» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 20.04.2018 жылғы №03 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен келесідей заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 1-трмағында әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылатыны көрсетілген және осы аталған баптың 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1-тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Бұл ретте, Заңның 2-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші - тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаны білдіреді.

Камералдық бақылау барысында, ұйымдастырушының техникалық ерекшелігін зерделеу кезінде әлеуетті өнім берушілерге талаптар қойылмағаны анықталды.

Яғни, конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелігіндегі барлық талапатар қызметтерді орындау кезінде өнім берушіге көзделген талап болып табылады, бұл ретте, техникалық ерекшелікте қойылған біліктілік талаптар әлеуетті өнім берушілерге белгіленген біліктілік талабы болып есептелмейді.

Анықталған бұзушылықтарды жою үшін, Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесі, бойынша Ұйымдастырушыға хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
тел: 8 7292 31-90-92.